

## Орманда өрт қауіптілігі жоғары кезеңде жеке тұлғалардың Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 282 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 тамызда № 7451 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң                    е ск е р т п е с і .

#### Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 15-бабының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Орманда өрт қауіптілігі жоғары кезеңде жеке тұлғалардың Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салынын.

Ормандарда ауа райы жағдайлары бойынша жоғары өрт қауіптілігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қазандығы № 18-02/942 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 12351 болып тіркелген) бекітілген Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес анықталады.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) өз құзыреті шегінде:

- 1) өрт қауіптілігі сыныбын анықтауды;
- 2) жоғары өрт қауіптілігі басталғаны туралы тұрғындарды хабардар етуді;
- 3) тұрғындар арасында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізуіді;
- 4) мемлекеттік орман қоры аумағына кіретін жолдарды шлагбаумдармен жабдықтау, аумақтың периметрі бойынша тәулік бойы патрульдеуді ұйымдастыруды;

5) өртке қарсы іс-шаралар және орман пайдаланушылардың қызметін бақылау, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау жөнінде қосымша нұсқамалар беру жұмыстарын күштейтуді;

6) өрт-бақылау мұнараларында тәулік бойы кезекшілік орнатуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауга жіберілуін;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроенеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысы әкімі*

*Д. Ахметов*

*"КЕЛІСІЛДІ":*

*Қазақстан Республикасы*

*Экология, геология*

*және табиғи ресурстар министрлігі*

*Орман шаруашылығы және жануарлар*

*дүниесі комитетінің Шығыс Қазақстан*

*облыстық орман шаруашылығы және*

*жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы*

*басшысының міндетін атқарушы*

*C. Кітапбаев*

*2020 жылғы "\_\_\_"*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК